

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
КЕАҚ «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университетінің»
Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы
педагогикалық институты



BAHTURSYNULY
UNIVERSITY

«ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ
ДӘСТҮРЛЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР»
АТТЫ СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

СУЛТАНГАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ
«ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ
В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ»
МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ –
ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

г. Костанай, 20.11.2025 г.

УДК 37.0
ББК 74.00
3 - 21

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі; **Наурызбаева Эльмира Кенжеғалиевна** Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры, Басқарма мүшесі, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент); **Жарлығасов Женис Бахытбекович**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор; **Сильвия Адамцова**, гуманитарлық ғылымдар магистрі, философия докторы (PhD), Экономикалық университеті Братиславада, Словакия; **Сухов Михаил Васильевич**, техника ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік- Орал мемлекеттік университетінің (ОМУ) доценті, Челябині, Ресей; **Радченко Татьяна Александровна**, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі; **Алимбаев Алибек Алпысбаевич**, PhD докторы, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының профессор ассистенті; **Телегина Оксана Станиславовна**, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы; **Шумейко Татьяна Степановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедра профессорының.

3- 21

«Заманауи білім берудегі дәстүрлер мен инновациялар»: «СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ-2025» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, 2025 жылдың 20 қараша. Қостанай: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025. – 1322 б.

«Традиции и инновации в современном образовании»: Материалы международной научно-практической конференции «СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ-2025», 20 ноября 2025 года. Костанай: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025 – 1322 с.

ISBN 978-601-356-621-4

«Сұлтанғазин оқулары–2025» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағында білім берудің заманауи даму бағыттары, цифрлық трансформация жағдайындағы педагогикалық үдерістер және білім беру мазмұнын жаңғырту мәселелері қарастырылады. Отандық және шетелдік авторлардың мақалаларында педагогикалық және жаратылыстану-ғылыми білім беру, құзыреттілікке негізделген оқыту, интерактивті және инновациялық педагогикалық технологиялар, сондай-ақ білім алушылардың кәсіби, мета- және цифрлық құзыреттерін қалыптастыру мәселелері талданады. Жинақта жоғары білім беру жүйесінде жасанды интеллект пен цифрлық құралдарды қолдану, болашақ педагогтар мен ХХІ ғасыр мамандарын даярлаудың практикалық бағдарлы модельдері ерекше назарға алынады. Жинақ ғалымдарға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, докторанттарға, магистранттар мен студенттерге, сондай-ақ заманауи білім беру мәселелеріне қызығушылық танытатын мамандарға арналған.

Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения–2025» отражает современные научные подходы к развитию образования в условиях цифровой трансформации и глобальных изменений. В статьях отечественных и зарубежных авторов рассматриваются проблемы и перспективы педагогического и естественно-научного образования, компетентностно-ориентированного обучения, интерактивных и инновационных педагогических технологий, а также формирования профессиональных, мета- и цифровых компетенций обучающихся. Особое внимание уделяется роли высшего образования в подготовке педагогов и специалистов XXI века, вопросам внедрения искусственного интеллекта, цифровых инструментов и практико-ориентированных моделей обучения. Сборник предназначен для учёных, преподавателей высших учебных заведений, докторантов, магистрантов и студентов, а также специалистов, интересующихся актуальными направлениями развития современного образования.

ISBN 978-601-356-621-4



УДК 37.0
ББК 74.00

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025
© Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025

Рөлдік жұмыс жеке тұлғаның эмоциялық және сөйлеу белсенділігін арттырады, ал командалық жұмыс ынтымақтастық пен жауапкершілікті дамытады. Екеуін біріктіріп қолдану 5-сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін кешенді дамытуға мүмкіндік береді[4].

Математикадан тыс ұйымдастырылған рөлдік және топтық жұмыстар оқушылардың пәндік білімін өмірлік жағдаяттармен байланыстырып, коммуникативтік, әлеуметтік және тұлғалық құзыреттерін дамытуда тиімді құрал болып табылады. Сабақта және сыныптан тыс іс-шараларда бұл әдістерді жүйелі пайдалану оқушыларды ынтымақтастыққа, тыңдай білуге, өз ойын дәлелдеуге және бірлесе шешім қабылдауға үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Выготский Л.С. Психология развития ребенка. – М., 1996.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2004.
3. Мұхамбетжанова С.Т. Интерактивті оқыту әдістері. – Алматы, 2015.
4. Ахметова Ш. Математика сабағында оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту жолдары. – Астана, 2021.

ӨОЖ 51:37.016

ГЕОМЕТРИЯ САБАҚТАРЫНДА ЖОБАЛАУ ҚЫЗМЕТІ АРҚЫЛЫ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОЙЛАУДЫ ДАМУ

Кункабаева Аяжан Нурболовна

6B01501 Математика мамандығының, 2 курс студенті
ҚӨУ А.Байтұрсынов атындағы
Қазақстан, қ.Қостанай

Аңдатпа

Бұл мақала геометрия сабақтарында зерттеу және жобалау тәсілдерін қолданудың тиімділігін зерттеп, оның оқушылардың математикалық ойлау қабілеттерін дамытуға қосатын үлесін бағалайды. Зерттеушілік әрекет дайын білімді пассивті түрде меңгеру сатысынан белсенді зерттеуші және жаңашылықтың авторы болған деңгейге көтерілетін тиімді әдіс ретінде қарастырылады. Мақалада геометриялық модельдеу, практикалық тәжірибелер, проблемалық есептер мен жобалар арқылы оқушылардың логикалық және кеңістіктік ойлауын, сондай-ақ шығармашылық ізденімпаздығы мен талдау қабілеттерін қалыптастыру тәсілдері нақтыланған. Жұмыстың қорытындысы зерттеуге негізделген оқыту тәсілінің геометрияны формулалар жиынтығы ретінде емес, нақты өмірмен тығыз байланысты танымдық-түсініктік кеңістік ретінде қабылдауға ықпал ететінін көрсетеді.

Түйінді сөздер: геометрия, зерттеу әдісі, жобалау тәсілі, математикалық ойлау, кеңістіктік ойлау, практикалық тапсырмалар.

Аннотация

Данная статья посвящена анализу эффективности применения исследовательского и проектного подходов на уроках геометрии и оценке их вклада в развитие математического мышления школьников.

Исследовательская деятельность рассматривается как результативная методика, способствующая переходу учащихся от пассивного усвоения готовых знаний к статусу активного исследователя и автора новых открытий. В статье конкретизируются способы развития у учащихся логического и пространственного мышления, творческого поиска и аналитических компетенций посредством геометрического моделирования, практических экспериментов, решения проблемных задач и реализации проектов. В заключении демонстрируется, что обучение, основанное на исследовании, способствует формированию восприятия геометрии не как набора формул, а как познавательно-понимающего пространства, тесно связанного с реальной жизнью.

Ключевые слова: геометрия, исследовательский метод, проектный подход, математическое мышление, пространственное мышление, практические задания.

Abstract

This article investigates the efficacy of implementing inquiry-based and project-based learning strategies in geometry instruction and assesses their contribution to the development of students' mathematical cognition. Research activities are positioned as a powerful pedagogical strategy that elevates learners from the passive assimilation of pre-existing knowledge to the active role of a researcher and originator of new insights. The paper outlines specific methodologies for cultivating students' logical and spatial reasoning, creative inquiry, and analytical skills through geometric modeling, hands-on experimentation, problem-solving tasks, and project work. The conclusion underscores that an inquiry-based learning framework fosters an understanding of geometry not merely as a compendium of formulas, but as a conceptual domain deeply interconnected with real-world contexts.

Keywords: geometry, inquiry-based method, project-based approach, mathematical thinking, spatial reasoning, practical tasks.

«Мағанайт – менұмытамын. Маған көрсет – мен есте сақтаймын. Маған істеуге мүмдіктік бер – мен түсінемін» – бұл Сократтың даналығы бүгінгі геометрия сабақтарының негізгі мәселесін шешуге өзекті болып табылады. Геометрия – бұл сызықтар мен нүктелердің сазымен өрілген бірегей әлем. Дегенмен, көбінесе бұл әлем оқушыларға тек қатаң формулалар ретінде ұсынылады. Сол сәтте математика өзінің ең байыс қазыналарын жасырады да, оқушы есеп шығарудың артынан ұмтылған жолаушыға айналады. Қазіргі білім беру жүйесінің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – оқушыны дайын білімді тұтынушы емес, білімді өз қолымен құрастыратын зерттеушіге айналдыру. Бұл тұрғыда геометриядағы зерттеу жұмыстары оқушылардың кеңістіктік түсінігін, логикалық ойлауын және критикалық талдау жасауды дамытуда ерекше рөл атқарады. Зерттеу әдістері арқылы оқушылар геометриялық түсініктерді нақты өмірлік объектілермен байланыстыра отырып, оларды тереңірек меңгереді. Мысалы, доптың пішінін зерттеу арқылы сфераның қасиеттерін түсіну немесе бақшаның периметрін есептеу арқылы геометриялық өлшемдердің практикалық мағынасын ашу – мұның бәрі оқушылардың сабаққа деген көзқарасын түбегейлі өзгертеді. Осы тәсіл

оқушылардың жаттау емес, түсінуге, есеп шығару емес, зерттеуге деген ұмтылыстарын арттырады.

Геометрия сабақтарында зерттеу жұмыстарын енгізу – бұл оқушылардың «неге?» деген сұрағына жауап табуға мүмкіндік беретін тиімді тәсіл. Зерттеу процесі оқушыларға бақылау жүргізу, салыстырмалы талдау, эксперименттер жүргізу, деректерді өңдеу және жүйелі қорытынды жасау сияқты негізгі кәсіби дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осыған қоса, олар математикалық ойлаудың ерекше әдіснамаларымен танысып, өз білімдерін сыни тұрғыдан бағалай білу дағдысын қалыптастырады. Мұндай тәжірибе оқушылардың креативті ойлау қабілеттерін дамытып, математика ғылымының әртүрлі аспектілеріне деген танымдық ынтасын күшейтеді.

А.И. Савенковтың айтуынша «ізденіс белсенділігі механизмдерінің жұмыс істеуі нәтижесінде қалыптасатын және зерттеушілік мінез-құлық негізінде құрылатын ақыл-ойлық және шығармашылық қызметтің ерекше түрі» болып табылады.[1, б. 47] Бұл қызмет түрі оқушының сұрақ қоя білуін, гипотеза ұсынуын, тәжірибелік тексеріс жүргізуін және дәлелді қорытынды жасай алуын қамтиды. Ол танымдық қызығушылықты, дербестікті, аналитикалық ойлауды және шығармашылық жолмен проблема шешу қабілетін дамытуға бағытталады.

Кесте 1 – Жобалаушылық қызметтің құрамдас бөліктері мен оларға сәйкес іс-әрекеттер

Жобалау процесінің бағыттары	Жобалаушылық қызметті құрайтын негізгі іс-әрекеттер
Талдау және жоспарлау	Математикалық мәселелерді анықтау және тұжырымдау; зерттеудің өзектілігі мен нәтижелерінің мәнін болжау; зерттеу гипотезаларын қалыптастыру және оны жүргізу жоспарын жасау; мақсатты белгілеу және оған жету тәсілдерін таңдау; алынған нәтижелерді талдау және бағалау.
Әдіснамалық негіздеу	Зерттеу нысаны мен пәнін нақтылау; қызметтің құрылымын, әдістер мен құралдарын анықтау; пайдаланылатын тұжырымдамалар, теориялар және тәсілдерді негіздеу.
Ұйымдастырушылық-практикалық	Әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу; бақылау жүргізу және ойша эксперименттер құру; алынған деректердің дұрыстығын тексеру; теоремаларды дәлелдеу және жоққа шығару әдістерін меңгеру; түсініктердің мазмұны мен көлемін ажырату; математикалық фактілерді жалпылау; эксперимент жүргізіп, оның нәтижелерін өңдеу және түсіндіру.
Нәтижелерді ресімдеу және тарату	Зерттеу нәтижелерін құжаттастыру және қоғамдық түрде ұсыну; есеп беру; зерттеу тақырыбы бойынша пікірсайыс жүргізу; әдеби көздерді дұрыс пайдалана отырып, ғылыми мәтінді ресімдеу; зерттеу тезистері

Осындай жүйелі тәжірибе оқушыларды жай ғана білім алушы ретінде емес, белсенді зерттеуші ретінде қалыптастырады. Олар тек қана математикалық ақпаратты меңгеріп қоймай, сонымен қатар ғылыми ізденудің негізгі әдістерін ерте жастан игеріп, болашақтағы білім беру жолдарына дайындалады.

Қазіргі білім беру жүйесінде геометрия сабақтарында зерттеу және жобалау тәсілдерін қолданудың педагогикалық мәні зор. Дегенмен, бұл инновациялық тәсілді іс жүзінде қолдану белгілі бір қиындықтарды тудыратыны сөзсіз. Мұғалімдер жиі осы әдістерді жүйелі түрде қолданудың келесі кедергілеріне тап болады: уақыттың шектеулілігі, сабақты мұқият жоспарлау қажеттілігі және қосымша күш-жігерді талап етуі. Ғалымдардың көпшілігі бұл үдерісте зерттеушілік дағдылар мен іскерліктердің ерекше рөлін атап көрсетеді. Біз білім мен дағды арасындағы айырмашылықты нақтылайтын көзқарасты қабылдаймыз: дағды - бұл "автоматталып, ойлаудың бақылауын қажет етпейтін бекітілген іскерлік" [2, б. 17], ал білім - бұл "ойлаудың бақылауымен жүзеге асатын және жаттығулар нәтижесінде қалыптасатын нақты операцияларды орындау қабілеті" [3, б. 17]. Осы анықтамаларға сүйене отырып, геометриялық зерттеулерде дағдылар мен білімдердің дамуы үшін келесі эволюциялық тәсілді ұсынуға болады: оқушылар алдымен зерттеу әдістерін саналы түрде меңгереді, содан кейін ғана бұл дағдылар автоматталады. Сондықтан зерттеу жұмыстарын бірден кешенді жобалар түрінде енгізу міндетті емес.


Тәжірибелік шешім ретінде оқу процесіне айына бір реттен бастап зерттеу тапсырмаларын біртіндеп енгізу ұсынылады. Бұл тәсіл оқушыларға зерттеу әдістарымен, дәлелдеу техникаларымен және ақпаратты талдаумен біртіндеп танысуға мүмкіндік береді. Уақыт өте келе оқушылар мұғалімнің ең аз көмегімен, тіпті өз бетінше толыққанды зерттеу жұмыстарын орындай алатын болады.

Бұл әдістемелік тәсіл мұғалімдерге де артықшылықтар әкеледі: зерттеушілік әрекетер біртіндеп оқу процесінің табиғи бөлігіне айналады, ал оқушылардың математикалық ойлау қабілеттері ішкі мәдениет деңгейіне көтеріледі. Осылайша, біртіндеп енгізілген зерттеу тәсілі геометрияны оқытудың сапасын айтарлықтай жақсартады және оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады.

Геометрия сабақтарында зерттеу іс-әрекеті әртүрлі форматтарда ұйымдастырылып, оқу процесіне ендірілуі мүмкін. Осы іс-әрекеттің басты мәні - оқушыларды теориялық білімді практикалық тәжірибемен үйлестіруге, өз пікірлерін негіздеп дәлелдеуге және тұңғышшылық нәтижелерге қол жеткізуге ынталандыру. Зерттеу-жобалау әрекетінің келесі нәтижелі түрлерін бөліп көрсетуге болады:

1. Геометриялық модельдеу әдісі негізіндегі зерттеулерді ұйымдастыру.

Геометрия сабақтарында модельдеу тәсілі арқылы жүргізілетін зерттеулер оқушыларға абстрактілі геометриялық түсініктерді нақты объектілер арқылы тереңірек қабылдауға мүмкіндік береді. Мысалы, футбол добының геометриялық құрылымын зерттеу барысында оқушылар оның жай сфера емес, күрделі көпбұрышты дене екенін тәжірибелік түрде анықтай алады. Бұл үшін оқушылар қағаз бетіне 12 бесбұрыш пен 20 алтыбұрышты салып ойып алып, оларды тәсілдік түрде жалғастыра отырып, футбол добының үш өлшемді моделін жасайды. Модельді құру процесінде олар әртүрлі көпбұрыштардың бір-бірімен қалай үйлесімді байланысатынын, фигуралар арасындағы сандық және кеңістіктік қатынастарды тікелей байқайды. Осы практикалық зерттеу жобасы оқушылардың "Неге футбол добы тамаша сфера пішініне ие емес?" деген сұраққа ғылыми тұрғыдан жауап беруге ықпал етеді.



Сурет 1 – Футбол добының геометриялық моделі

2. Тәжірибелік-бағдарлаған зерттеулердің рөлі

Геометрияны оқыту үдерісінде теориялық білімдерді нақты өмірлік ситуациялармен үйлестіре білу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырумен шектелмейді, сонымен қатар олардың ілгерілетілген білімдерін шынайы жағдайларда қолдану мүмкіндігін береді. Тәжірибелік-бағдарлаған зерттеу әдістерінің негізгі артықшылығы оқушының зерттеушілік белсенділігін шынайы объектілермен тікелей жұмыс істеу арқылы іске асыруы болып табылады. Бұл тәсіл кеңістіктік ойлау қабілетін дамытып, математикалық тұжырымдамалардың терең мәнін түсінуге ықпал етеді. Мысал ретінде мектеп ауласындағы спорттық алаңның периметрін анықтауға бағытталған зерттеу жобасын қарастыруға болады. Оқушылар алдымен өлшеуіш құралдарды пайдаланып, алаңның нақты геометриялық өлшемдерін анықтайды. Алынған деректер негізінде периметрді есептеу жүргізіліп, оны әртүрлі әдістермен қалай оңтайландыруға болатыны математикалық талдауға жатады. Бұл тәжірибе периметр тұжырымдамасының тек есептер шешуде ғана

емес, күнделікті өмірде де маңызды қолданысқа ие екенін айқын көрсетеді. Сонымен қатар, оқушылар жобалау, өлшеу дәлдігін қамтамасыз ету, деректерді салыстырмалы талдау сияқты практикалық дағдыларды игереді.

3. Топтық зерттеулер - бірлескен оқудың тиімді әдісі

Геометрия сабақтарында топтық зерттеулерді ұйымдастыру оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын дамытудың ең тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Бұл әдіс оқушылардың өзара әрекеттесу мәдениетін қалыптастырып, бір-бірін тыңдауға және ортақ мақсатқа жету үшін біріккен күшпен жұмыс істеуге үйретеді. Топтық зерттеулердің негізгі артықшылығы - оқушылардың өзара байланысы мен коммуникациясының артуы. Олар бірге жұмыс істеп, мәселелерді бірлесіп шешуді үйренеді. Бұл процестің ішінде әр оқушы өз ойын еркін білдіре алады, топ мүшелерінің пікірлерін тыңдайды және бір-біріне көмектеседі. Практикалық мысалдар: "Біздің сынып кабинеті" зерттеу жобасы:

Бірінші топ парталардың геометриялық пішіндерін зерттейді; Екінші топ терезелер мен есіктердің симметриясын талдайды; Үшінші топ бөлменің жалпы ауданы мен периметрін есептейді. Осындай топтық жұмыс тәжірибесі оқушылардың өзара сенімін арттырып, әрбір мүшенің жеке үлесін сезінуіне мүмкіндік береді. Оқушылар бір-бірінен жаңа білім алып, күрделі мәселелерді бірлесіп шешу жолдарын меңгереді. Топтық зерттеулер арқылы оқушылар геометрияны тек теориялық пән ретінде емес, бірлесіп зерттейтін, талқылайтын және түсінетін қызықты ғылым ретінде қабылдайды. Бұл тәсіл олардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, математикалық ойлау қабілеттерін дамытуда шешуші рөл атқарады.

4. Теориялық формулаларды зерттеу әдістері: шеңбер ұзындығын есептеу

Геометриялық формулаларды оқытудың жетістігі олардың түсініктілігімен анықталады, ал бұл түсініктілікті тәжірибелік зерттеулерсіз қамтамасыз ету күрделі міндет болып табылады. "Шеңбердің диаметрі оның радиусынан 2 есе артық екені сендерге белгілі, яғни шеңбер диаметрінің ұзындығы $2R$. Шеңбер ұзындығын C әрпімен, шеңбер радиусының ұзындығын R әрпімен белгілейік. Сонда $C = 2\pi R$ формуласын аламыз." [4, б. 54] Дәстүрлі тәсілдің шектеулілігін жеңу үшін зерттеу-жобалау әдістерін қолдану тиімді шешім бола алады. Мұны шеңбер ұзындығы формуласын зерттеу мысалында көрсетуге болады, онда оқушыларға компакт-дискіні өлшеу арқылы π санының мәні мен $C = 2\pi R$ формуласының шығу тегін түсіндіруге болады. Бұл тәсілдің артықшылығы – оның нақтылығында жатыр: әрбір оқушы дискінің диаметрін өлшейді, содан кейін оның шеңберін зығыр жіпімен өлшеп, осы екі шаманың қатынасын есептейді. Бұл процесс барысында олар барлық шеңберлер үшін шеңбердің

диаметрге қатынасы тұрақты шама – π саны екенін тәжірибелік түрде анықтайды. Формуланы осылай түсіну оны жаттаудан гөрі әлдеқайда терең және тұрақты болады, себебі ол жеке тәжірибеге сүйенеді. Сонымен қатар, бұл әдіс оқушылардың өздігінен зерттеу дағдыларын дамытады, оларға математиканың нақты өмірмен байланысын көруге мүмкіндік береді және пәнге деген қызығушылығын арттырады. Осылайша, формуланы тәжірибе арқылы үйрену оны тек қолдануды емес, сонымен қатар оның мәнін түсінуді қамтамасыз етеді, бұл білімнің сапасын айтарлықтай жақсартады.



Сурет 2 – Зерттеу жұмысына арналған компакт диск

Сонымен, Геометрияны оқытуда зерттеу және жобалау әдістерін қолдану оқу үдерісін сапалы жаңа деңгейге көтереді. Зерттеушілік тәсілдер оқушылардың білім алу мотивациясын арттырумен шектелмейді, ол олардың танымдық белсенділігін, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін және шығармашылық ізденімпаздығын дамытуға ықпал етеді. Тәжірибелік эксперименттер арқылы формулаларды меңгеру оқушыларға геометриялық тұжырымдардың нақты өмірмен байланысын көруге мүмкіндік береді, бұл білімдердің тұрақтылығын және оларды жүйелі түрде қолдана білу дағдысын қамтамасыз етеді.

Зерттеу әрекеттерін біртіндеп енгізу тәсілі мұғалімдерге де, оқушыларға да онымен жұмыс істеудің тиімді үлгісін құруға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдің артықшылығы оның икемділігінде жатыр - оны сабақтың әртүрлі кезеңдерінде, әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар арқылы сәтті қолдануға болады. Сонымен қатар, бұл тәсіл оқушылардың жеке қабылеттіліктерін ескере отырып, олардың жеке даму жолдарын құруға көмектеседі.

Қазіргі білім беру жағдайында геометрияны оқытудың тиімділігін арттыру үшін зерттеу және жобалау әдістерін жүйелі түрде қолдану өзекті мәнге ие. Бұл тәсіл оқушылардың математикалық сауаттылығын арттырумен қатар, олардың ғылыми іздену әдістерін меңгеруіне, болашақтағы кәсіби дамуларына негіз дайындауға ықпал етеді. Осылайша, зерттеуге негізделген оқыту тәсілі геометрияны тек формулалар жиынтығы ретінде емес, қоршаған әлемді танудың тиімді құралы ретінде қабылдауға ықпал етеді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. Савенков А. И. Психологические основы исследовательского подхода к обучению. – М., 2006. – 480 с.
2. Далингер В. А., Толпекина Н. В. Организация и содержание поисково-исследовательской деятельности учащихся по математике. – Омск: Изд-во ОмГПУ, 2004. – 264 с.
3. Клейменов В. А. Математика. Решение задач повышенной сложности. – М.: Интеллект-Центр, 2004. – 168 с.
4. Әбілқасымова А.Е., Кучер Т.П., Жұмағұлова З.Ә. Математика. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. 1-бөлім. – Алматы: Мектеп, 2018. – 184 б.

УДК 711.7

ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ УРОКА МАТЕМАТИКИ ДЛЯ ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЯМИ СЛУХА В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Медведева Мария Михайловна

Студент 4 курса,
специальности 6В01501 «Математика»
НАО «КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы»,
г.Костанай, Казахстан

Аңдатпа

Бұл мақалада инклюзивті білім беру жағдайында есту қабілеті бұзылған оқушыларға арналған математика сабақтарын ұйымдастырудың психологиялық, педагогикалық және әдіснамалық аспектілері қарастырылады. Онда оқу материалдарын бейімдеу принциптері, коммуникативтік өзара әрекеттесудің ерекшеліктері және көрнекі құралдар мен цифрлық технологиялардың рөлі талданады. Қазақстанда инклюзивті тәжірибелерді енгізудің аймақтық аспектілеріне ерекше назар аударылады.

Кілт сөздер: *инклюзивті білім беру, есту қабілеті бұзылған балалар, математиканы оқыту, визуализация, педагогикалық технологиялар, білім беру процесін бейімдеу.*

Аннотация

В статье рассматриваются психолого-педагогические и методические особенности организации урока математики для учащихся с нарушениями слуха в условиях инклюзивного образования. Анализируются принципы адаптации учебного материала, специфика коммуникативного взаимодействия, роль визуальных средств и цифровых технологий. Особое внимание уделено региональным аспектам реализации инклюзивной практики в Казахстане.

Ключевые слова: *инклюзивное образование, дети с нарушениями слуха, обучение математике, визуализация, педагогические технологии, адаптация учебного процесса.*

Abstract

This article examines the psychological, pedagogical, and methodological aspects of organizing mathematics lessons for students with hearing impairments in an inclusive

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ



АЛҒЫ СӨЗ

Приветственное слово

Наурызбаева Эльмира Кенжегалиевна Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры, Басқарма мүшесі, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент)

3

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР



ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

Жампеисова Корлан Кабыкеновна, Ішпекбаев Жанатбек Ешенқожаұлы, Увалиев Талгат Ошанович	Болашақ мұғалімдерді кәсіби оқытуда интерактивті оқыту	9
Eva Smetanová	Beyond knowledge: competence-based learning for the 21 st century professional	19
Мауленов Қалыбек Сапарұлы	Цифрлық дәуірдің метақұзыреттері: жасанды интеллектті саналы қолдану арқылы оқыту және өзін-өзі білімдендіру	25
Усольцев Александр Петрович	Гуманитарный потенциал естественнонаучных дисциплин	30

1 СЕКЦИЯ

БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ФИЗИКАЛЫҚ БІЛІМ



ФИЗИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В УСЛОВИЯХ ТРАНСФОРМАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Абдирашидова Элмурадқызы, Нупирова Арайлым Маратовна	Дилнура	Физика сабағында жоба әдістемесін жүзеге асыру	35
Абишева Алина Муратовна, Серік Мария Мырзаханқызы, Бимагамбетова Купбергеновна	Баян	ЖИ мүмкіндіктерін биология - физика пәндерін инклюзивті оқытуда тиімді қолдану	42
Алдиярова Айгерим Сергазыевна		STEM-білім беру тәсілі: іске асырудың артықшылықтары мен қиындықтары	48
Алпеисова Карина Дулатовна, Телегина Оксана Станиславовна		Давление в спорте – способ сделать физику увлекательной	53
Ахмет Альфия Қайратқызы, Нупирова Арайлым Маратовна		Оқушылардың қисынды ойлауын дамытудағы физикадағы физикалық есептердің рөлі	58
Балацко Олеся Дмитриевна, Калакова Гульсим Кабдуллоевна		Роль учебного эксперимента при изучении свойств жидкостей	64
Бақытжан Гүлсезім Қайыржанқызы, Нупирова Арайлым Маратовна		Физика сабақтарында саралап оқыту технологиясын қолдану	71
Ейкель Алена Рафиковна		Создание виртуальных лабораторных опытов с использованием технологий искусственного интеллекта	76
Ельясов Казыбек Кайыржанович, Калакова Гульсим Кабдуллоевна		Использование интернета в учебном процессе по физике	84
Ерсултанова Зейнеп Сапарғалиевна, Ерсултанова Зауреш Сапарғалиевна		Электрлік тізбектерді компьютерлік модельдеу	90
Жақан Әміржан Қайыржанұлы		Разработка STEM-симуляторов по физике с использованием инструментов ИИ	96
Жусупова Алия Болатовна, Калаков Берген Абитович		Физика пәнінде функционалдық сауаттылықты арттыру	102
Касымская Анастасия Ивановна		Программа курса по выбору «Физика вокруг нас: наука в действии» для обучающихся 8-9 классов общеобразовательных школ как средство формирования функциональной грамотности критического мышления учащихся	108

Кузнецов Никита Алексеевич, Калакова Гульсим Кабдулловна	Визуализация физических процессов: роль эксперимента и цифровых технологий	113
Қалиева Жұлдыз Төлеуханқызы, Нупирова Арайлым Маратовна	Жаратылыстану пәндерімен кіріктіре оқытуда физиканың рөлі мен әдістемесі	118
Құдайберген Ботакөз Баймұратқызы, Рыстыгулова Венера Ботабаевна, Телегенова Ақбота Берікбайқызы, Кужуханова Жадра Асаутаевна , Саттыкова Бану Ержанқызы	Физикалық ұғымдарды қалыптастыруда жасанды интеллектке негізделген білім беру комикстерін қолданудың тиімділігі	123
Мурзахметова Даяна Азаматовна, Калакова Гульсим Кабдулловна	Формирование мыслительных и познавательных навыков при изучении физики в классах гуманитарного профиля	131
Нупирова Арайлым Маратовна	Төңкерілген сынып» технолоиясы физика сабағында тәуелсіздікті дамыту құралдарының бірі ретінде	135
Оразалинова Дамелі Қаирбекқызы	Физика пәннің сабақтарында жасанды интеллект, виртуалды зертханаларын пайдалану	141
Пепке Влада Станиславовна, Телегина Оксана Станиславовна, Тастанов Мейрамбек Габдуалиевич	Проблемно-исследовательский подход как средство формирования познавательской активности учащихся на уроках физики	147
Репке Vlada Stanislavovna, Tastanov Meirambek Gabdualievich, Mongotov Kazbek Bergentaevich	The influence of research activities on the formation of motivation for studying Physics	155
Райн Полина Александровна, Калакова Гульсим Кабдулловна	Средства, методы и формы обучения физики, ориентированного на формирование универсальных учебных действий	162
Ребик Анастасия Викторовна, Телегина Оксана Станиславовна	Современные подходы к организации лабораторных работ по физике в общеобразовательной школе	167
Сапиева Дарина Мухтаровна, Нупирова Арайлым Маратовна	Физика сабақтарында оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру жолдары	173
Сармурзина Айнура Нурбековна, Калакова Гульсим Кабдулловна	Автомобиль как объект изучения физических явлений в школе	177
Сафронов Андрей Викторович , Майер Федор Федорович	Интерактивные симуляции как средство актуализации учебного процесса на уроках физики	186
Ховалкина Александра Алексеевна, Телегина Оксана Станиславовна	Разработка методики внедрения систем искусственного интеллекта в процессе преподавания физики	191
Шваб Михаил Иванович, Езехель Евгения Александровна	Интеграция элементов нейрогимнастики и физической культуры в обучение физике в условиях инклюзивного образования	198

Секция 2

ЖИ ДӘУІРІНДЕГІ МАТЕМАТИКА: ҚАЗІРГІ ЗАМАҢҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРДЕН БОЛАШАҚТЫҢ БІЛІМІНЕ ДЕЙІН



МАТЕМАТИКА В ЭПОХУ ИИ: ОТ СОВРЕМЕННЫХ ПРОБЛЕМ ДО ОБРАЗОВАНИЯ БУДУЩЕГО

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Абилова Кунель Аледдин-гызы, Готфрит Валерия Фридриховна	Оценка эффективности визуальных методов обучения математическим концепция и глубины усвоения материала учащимися	203
Аменова Айнура Бауржановна, Козова Жанар Косылбаевна, Пастушенко Марина Владимировна	Интерактивные технологии на уроках математики как способ повышения мотивации учащихся	208
Асканбаева Галия Баймухаметовна, Алимбаев Алибек Алпысбаевич, Еришева Асыл Аубакировна	Планиметриялық есептерді шешуде координаталық әдістің қолданылуы	213
Байгабулова Карина Еркиновна, Испулов Нурлыбек Айдарғалиевич	Тасымалдау және конвекция-диффузия теңдеуін шешудің сандық әдістері: дәлдігін, тұрақтылығын және есептеу тиімділігін талдау	218
Байканова Дана Куанышқызы, Темерханова Асемгуль Есмхановна, Есенгазина Жанар Иргебаевна	Искусственный интеллект в обучении математике: возможности и риски	225
Байшалганва Алина Сергеевна	Как информационные технологии на уроке математики помогают преодолеть дискалькулию	233
Болат Дамир Еркінұлы, Демисенова Женискуль Сейтжановна	Зачем нужна производная	238
Гриб Марина Викторовна, Рсалина Саржат Мухамбеткалиевна	Взаимодействие учителя математики и логопеда в развитии математической речи у учащихся с ЗПР И ТНР	244
Демисенова Женискуль Сейтжановна, Есмаганбетова Гильмира Абильтаевна	6-сынып оқушыларын математикалық модельдеуге үйретуде STEM-жобалардың тиімділігі	248
Ережел Нұржігіт Айдарұлы, Раисова Гульшат Тлеубаевна	Математикадан сыныптан тыс сабақтарда цифрлық құралдарды қолдану арқылы 5–6-сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру	252
Жумасаева Бибигуль Сагандыковна, Жумасаева Асель Сагандыковна	Математика мен жи:қазіргі қиындықтар және жаңа мүмкіндіктер	260
Кабиева Алтынгүл Марксовна	Математика пәнін оқытуда жасанды интеллект мүмкіндіктері	264

Калиева Молдир Буркитовна, Раисова Гульшат Тлеубаевна	Математика сабағынан тыс іс-шараларда 5-сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудағы рөлдік және топтық жұмыстың мүмкіндіктері	269
Кункабаева Аяжан Нурболовна	Геометрия сабақтарында жобалау қызметі арқылы математикалық ойлауды дамыту	273
